



Автор: Балмуханова Назгул Сергейқызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Адамның сырт келбеті мен мінезі
Тақырып: Ы. Алтынсарин. «Атымтай Жомарт».

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Оқушылардың барлығы шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. Оқушылардың көпшілігі көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін анықтайды. Оқушылардың кейбіреуі көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады
Сабақтың мақсаты:	5.Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау. 5.Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.
Тілдік мақсаттар:	
Бағалау критерийлері:	Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтай алады. -Әңгімедегі басты кейіпкердің портретін сипаттай алады -Іс-әрекет арқылы кейіпкер образын талдай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Еңбекпен табылған дәм, Атымтай еңбектен қол үзбейді, өз бейнеті. Дәулет, көңілге жел кіру, әбірет алу, пұл, тұтыну, мал берген иесі
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды түгелдеу. Күнделік.кз-ті толтыру. Топтарға бөлу. Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру. Бейнебаян көру арқылы оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижесімен танысады.	
Сабақтың ортасы	Ой шақыру. -Ыбырай Алтынсариннің қандай әңгімелерін білесіңдер? - «Дүние қалай етсең табылады» әңгімесінің кейіпкерлерін атаңдар. -Сенің досың Антон сияқты тіленшілік қылып тұрса, не істер едің? - Антон немен айналысушы еді? Бейнебаянға қарап, бүгінгі тақырыптың не туралы болатынын болжам жасайды. 1-тапсырма. Топтық жұмыс. Әңгімені оқиға тауына дұрыс орналастырыңдар. Топтар бір-бірін бейнебаянды тыңдау арқылы тексереді. 2-тапсырма. Топтық жұмыс. Атымтайдың еңбек ету себептерін түсіндіріп, балық қаңқасына түсіріңдер. 3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Атымтай жомарт» әңгімесінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. Әңгіменің тақырыбы Әңгіменің идеясы Менің тақырыбым 4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Шығармадағы кейіпкердің іс-әрекеті арқылы образын ашыңдар. Кейіпкердің іс-әрекеті мен образы Іс-әрекеті Образы 3-тапсырма: «Пікірлер аллеясы» әдісі 1.Әңгіменің мазмұнынан қандай қорытынды шығаруға болады? 2.Атымтай Жомарттың берген жауабына қанағаттанасыңдар ма? 3. Өмірде жомарт бола аламын деп ойлайсыңдар ма? Сергіту сәті: Қайырымдылық туралы бейнебаян көреді.	
Сабақтың соңы	Жеке жұмыс. «Егер, мен бай болсам» тақырыбында шағын ой-толғау жазыңдар. «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқып келу.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Кері байланыс: Бүгінгі сабақтың тақырыбы. Бүгінгі сабақтың идеясы: Бүгінгі сабақтағы менің іс-әрекетім мен образым:	